

«Basel» сақтандыру компаниясы АҚ
Директорлар кеңесінің шешімімен
«БЕКІТІЛДІ»
2023 ж. 01 ақпан 2023 жыл

**«АВТОДИЛЕР» АВТОКӨЛІКТІ
ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

«BASEL» САҚТАНДЫРУ КОМПАНИЯСЫ АҚ
АВТОКӨЛІКТІ ЕРІКТІ САҚТАНДЫРУ ҚАҒИДАЛАРЫНЫҢ
№ 4 ҚОСЫМШАСЫ

Алматы қ., 2023 ж.

Сақтандыру класы:	Автокөлікті ерікті сақтандыру.
Сақтанушы:	Меншік, жалға алу құқығында немесе Қазақстан Республикасының заңнамасына қайшы келмейтін басқа негізде сақтандырылған көлік құралының (бұдан әрі КҚ) иесі (меншік иесі) болып саналатын жеке немесе заңды тұлға.
Пайда алушы:	1. Полисті рәсімдеу сәтінде Сақтанушының таңдауы бойынша ішінара зақымданған кезде: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Дилерлік орталық немесе КҚ пайдалану орнында ол жоқ болған жағдайда – Дилерлік орталық ұсынған Техникалық қызмет көрсету станциясы (бұдан әрі ТҚКС); ✓ Сақтандырушы ұсынған ТҚКС; ✓ Сақтанушы немесе оның өкілі. 2. Толық жарамсыз болған, айдап әкеткен және ұрланған кезде – Сақтанушы (КҚ меншік иесі). АК несиеге сатып алынған болса: 1) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасы шегінде АК кепіліне несие берген ұйым 2) Қарыз/несие шарты бойынша берешек сомасынан асатын бөлікті Сақтанушы.
Сақтандырылушылар:	Кез келген заңды негізде КҚ пайдалануға рұқсат алған тұлғалар.
Сақтандыру шектеулері:	Сақтандыру келесі КҚ-ларға қолданылады: 1) Мінілмеген жаңа КҚ, 2) 20 жылдан аспаған қолданыста болған КҚ. Келесі санаттардағы КҚ сақтандыруға қабылданбайды: <ul style="list-style-type: none"> ✓ Жедел медициналық жәрдем машиналары; ✓ Әскери және/немесе құқық қорғау органдарының пайдалануы үшін арнайы бейімделген немесе арнайы тағайындалған КҚ; ✓ Әуежайдың жабық (жалпы қолжетімсіз) аумағы шегінде пайдаланылатын КҚ; ✓ Спорттық жарыстарға қатысатын, оқу-жаттығу мен тест-драйв мақсаттарына қолданылатын КҚ; ✓ Жалға берілетін, такси режимінде жұмыс істейтін КҚ. Сақтандыру бағдарламасы мыналарды өтемейді: 1) Полис бойынша сақтандырылған кез келген КҚ-мен кәсіпкерлік қызметтің кез келген түрін жүзеге асыруға байланысты тасымалданатын тауарлар (солардың ішінде жолдағы тауарлар) үшін жауапкершілік немесе олардың залалы; 2) Келесі мақсатқа тағайындалған кез келген КҚ-ны иелену, пайдалану, оған техникалық қызмет көрсету: <ul style="list-style-type: none"> ✓ нитроглицерин, динамит сияқты жарылу қаупі бар заттарды немесе кез келген басқа ұқсас заттарды тасымалдау. Егер заттардың өздері жарылу қаупін тудырмаса, бірақ жарылу қаупі бар заттардың құрамдас бөлігі болса, олар осы Полиске сәйкес тізімнен шығарылмайды; ✓ КҚ-ның лизинг пен жалға берілуін қоспағанда, КҚ-ны прокатқа беру; ✓ КҚ-дағы жазатайым оқиға; ✓ автокөліктерді қою орындары мен тұрақтардан басқа, КҚ сақтауға арналған автокөлік қоймалары мен алаңдары; ✓ таза қаржылай залал; ✓ КҚ механизмдерінің сақтандыру жағдайы тудырмаған сынуы; ✓ қаржы кепілдіктері.
Сақтандыру нысаны:	Сақтанушының/Сақтандырылушының КҚ-сын иеленуге, пайдалануға және/немесе оған билік етуге, сондай-ақ сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайы нәтижесінде оның бүліну немесе жоғалуы (жойылу) қаупіне байланысты мүлктік мүдделері.
Сақтандыру жағдайы:	Сақтандыру полисіне сәйкес төмендегі оқиғалар салдарынан КҚ-ның зақымдануы немесе жоғалуы (жойылуы) сақтандыру жағдайларына жатады: 1) жол-көлік оқиғасы; 2) табиғи апат; 3) үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, соның ішінде көлік құралын айдап кету және ұрлау; 4) өрт, жарылыс, өздігінен жану; 5) сырттан келген кез келген механикалық немесе физикалық әсер.
Сақтандыру сомасы:	Сақтандыру сомасы (қолданыстағы/нарықтық КҚ құны) сақтандыру полисінде белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.
Сақтандыру тарифі:	Классы бойынша тариф шеңберінде (0,104 % – 16,8939 %) Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру сыйлықақысы:	Сақтандыру сыйлықақысы сақтандыру полисінде белгіленеді және Қазақстан Республикасының ұлттық валютасы – теңгемен көрсетіледі.
Сақтандыру сыйлықақысын төлеу тәртібі мен мерзімдері:	Сақтандыру полисі жасалған күні Сақтандырушының / Дилерлік орталықтың банктік шотына немесе кассасына біржолғы қолма-қол/қолма-қол емес ақшалай төлеммен.
Франшиза:	Ішкі саясат шеңберінде Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі (0 %-10 %).
Сақтандыру агенті/брокері туралы ақпарат:	Бағдарламада сақтандыру полистерін «BASEL» СК АҚ серіктестері арқылы рәсімдеу көзделген.
Гросс %-бен көрсетілген агент сыйақысының мөлшері:	Ішкі саясат шеңберінде Сақтандырушының өкілетті органының шешімімен бекітіледі.
Сақтандыру аумағы:	Қазақстан Республикасы.
Сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі:	Сақтандыру полисі сақтандыру сыйлықақысы төленген сәттен бастап күшіне енеді де, сақтандыру полисінің қолданылу мерзімі аяқталғанша немесе сақтандыру полисі бойынша сақтандыру сомасы мөлшерінде сақтандыру төлемі жасалған кезге дейін әрекет етеді.
Қосымша талаптар:	1. Эвакуатор қызметі сақтандыру жағдайы орын алған кезде ғана 20 000 (жиырма мың) теңгеге дейін.

	<p>2. КҚ-ға келтірілген залал мөлшері 500 000 (бес жүз мың) теңгеден аспаса және өмірі мен денсаулығына зиян келген адамдар болмаса, құзыретті органдардың құжатынсыз сақтандыру төлемін алу мүмкіндігі.</p> <p>3. Алдыңғы әйнек зақымданған кезде және басқа зақымдар болмаған кезде құзыретті органдардың құжатынсыз сақтандыру төлемін алу мүмкіндігі – сақтандыру шарты қолданылатын кезең ішінде бір рет қана.</p> <p>4. Сақтанушы КҚ-ға газбаллон жабдығын орнатуға құқылы, бұл кезде Сақтандырушыға үстеме төлем КҚ сақтандыру сомасының 0,25 % құрайды. Газбаллон жабдығын орнатқан кезде тараптар сақтандыру полисіне өзгертулер енгізеді.</p>
Сақтандыру полисін жасасу формасы:	Сақтандыру полисі қағаз түрінде немесе электрондық түрде рәсімдеу арқылы беріледі.
Сақтандыру төлемін төлеу мәселесін қарауға қажет құжаттар:	<p>Сақтандыру төлемі туралы мәселені қарау үшін Сақтанушы сақтандыру жағдайының түріне қарай Сақтандырушының өкіліне сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы өтінішті және мына құжаттарды ұсынуға міндетті:</p> <p>1. Залал мөлшері 500 000 (бес жүз мың) теңгеден кем болса:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ сақтандыру полисі туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) орын алғаны туралы өтінім; ✓ КҚ-ны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жол-көлік оқиғасы кезінде КҚ-ны басқарған адамның жүргізуші куәлігінің көшірмесі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ КҚ-ны оқиға орнынан эвакуациялау бойынша шығыстарды растайтын құжаттар (егер бұл қызмет көрсетілген болса); ✓ КҚ зақымдалуы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот, сондай-ақ жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған КҚ-ны қалпына келтіру бойынша Дилерлік орталықтың орындаған (жұмыстың аяқталуы туралы) жұмыс актісі. <p>2. Егер залал сомасы 500 000 (бес жүз мың) теңгеге тең немесе одан артық болса, сондай-ақ өмірі мен денсаулығына зиян келген адамдар болған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ сақтандыру полисі туралы мәліметті көрсете отырып, сақтандыру жағдайының (оқиғаның) орын алғаны туралы өтінім; ✓ КҚ-ны тіркеу туралы куәліктің көшірмесі; ✓ жүргізуші куәлігінің көшірмесі; ✓ заңды негізде КҚ-ны басқаруды растайтын құжаттың көшірмесі (сенімхат және/немесе жол парағы (заңды тұлғалар үшін)) немесе сақтандыру жағдайы орын алған сәттегі ҚҚИ АҚЖ МС жарамды сақтандыру полисі жөніндегі мәліметтер және/немесе Сақтандыру болған кезде КҚ басқаруды растайтын құжат (жеке тұлғалар үшін); ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру жағдайы туындаған кездегі шығындарды болдырмау немесе азайту мақсатында көтерген шығыстарын растайтын құжаттар (болған жағдайда); ✓ КҚ-ны оқиға орнынан эвакуациялау бойынша шығыстарды растайтын құжаттар (егер бұл қызмет көрсетілген болса); ✓ <i>сақтандырылған КҚ ішінара зақымдалған кезде</i> – КҚ зақымдалуы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот, сондай-ақ жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған КҚ-ны қалпына келтіру бойынша орындалған жұмыс (жұмыстың аяқталуы туралы) актісі; ✓ <i>КҚ толық қираған жағдайда</i> – жөндеудің экономикалық орындылығын айқындау мен КҚ-ның сатуға жарамды қосалқы және кәдеге жаратылатын қалдықтарының құнын көрсете отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сертификатталған бағалаушы жасаған бұзылған КҚ-ны бағалау туралы есеп; ✓ сақтандыру төлемін алу құқығын растайтын құжаттар (сенімхат, мұрагерлік құқығы туралы куәлік және т.б.); ✓ Сақтанушының келтірілген зиян үшін жауапты тұлғаға қатысты кері талап ету құқығынан төленген сақтандыру сомасы шегінде Сақтандырушыға беруді қамтамасыз ететін құжаттар (ЖКО-ға кінәлі тұлғаның жеке куәлігінің көшірмесі, талап ету құқығын беру туралы өтініш, жауап алу хаттамасы, түсініктемелер және т.б.); ✓ <u>ЖКО болған кезде:</u> ішкі істер органдарының құжаттары: жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттама, әкімшілік құқық бұзушылық туралы қаулы, ЖКО сызбасы, жол қозғалысы ережелерін бұзу туралы хаттамаға толықтыру, ЖКО қатысушыларының ішкі істер органдарына берген түсініктемелері, ЖКО қатысушыларының медициналық куәландыру хаттамалары/қорытындылары; заңды күшіне енген сот қаулысы; ЖКО фактісі бойынша қылмыстық іс қозғалған және материалдар сотқа берілген болса, іс бойынша шешім болып табылатын заңды күшіне енген сот үкімі немесе сот шығарған өзге де іс жүргізу құжаты. ✓ <u>табиғи апат, өрт, жарылыс, өздігінен жану, кез келген сыртқы механикалық немесе физикалық әсерлер кезінде:</u> өртке қарсы бақылау органдарының немесе тергеу органдарының (соның ішінде өрт туралы акт, өрттің себептері туралы өрт-техникалық сараптамасының қорытындысы және т.б.); гидрометеорологиялық немесе сейсмологиялық қызметтердің, Төтенше жағдайлар министрлігінің немесе басқа да құзыретті органдардың құжаттары; ✓ <u>үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттері, соның ішінде көлік құралын айдап кеткен және ұрлаған кезде:</u> оқиға фактісі бойынша ішкі істер органдарына берілген арыз, ішкі істер органдарының қылмыстық істі қозғау немесе қылмыстық іс қозғаудан бас тарту туралы қаулысы, қылмыстық істің процестік жылжуы туралы қаулылар, алдын ала тергеу аяқталғаннан кейін – қылмыстық істі немесе айыптау қорытындысын (үшінші тұлғалардың заңсыз әрекеттерінен келтірілген залал болса), соттың шешімін (үкімін) тоқтата тұру туралы шешім. Сақтандыру төлемін жүзеге асыру туралы шешім қабылдау кезінде Сақтандырушы Сақтанушыдан КҚ-ның айдап әкетілген немесе ұрланғандар тізімінде тұрғаны туралы ішкі істер органдарынан анықтама беруін талап етуге құқылы; КҚ-ны тіркеу туралы барлық құжаттардың түпнұсқалары, КҚ-ны тіркеу туралы куәлік немесе КҚ-ны айдап әкету, ұрлау туралы арыз берілген кезде оны алып қою туралы қаулының (уәкілетті органның мөрімен куәландырылған), КҚ-ның пернелері және сигнал беру жүйесі кілттерінің барлық жинақтарын беруін талап етуге құқылы. ✓ <i>жөндеу жұмыстарын ТҚКС/АрнайыТҚКС жүргізетін жағдайда:</i> КҚ зақымдалуы туралы фотоесеп, ақау актісі және төлемге арналған егжей-тегжейлі шот, сондай-ақ жауапты тұлғаның қолымен және кәсіпорын мөрімен куәландырылған қажетті жұмыстардың толық тізімін, ауыстырылатын/жөнделетін бөлшектердің, бөліктердің тізімін және олардың құнын қамтитын сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған КҚ-ны

	<p>қалпына келтіру бойынша ТҚКС/арнайы ТҚКС орындаған жұмыстар (егер жұмыс аяқталған болса, жұмыстың аяқталуы туралы) актісі.</p> <p>✓ <i>сақтандыру төлемі Сақтанушыға немесе оның өкіліне жүргізілген жағдайда:</i> жөндеудің экономикалық орындылығын айқындау мен КҚ-ның сатуға жарамды қосалқы және кәдеге жаратылатын қалдықтарының құнын көрсете отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сертификатталған бағалаушы жасаған бұзылған КҚ-ны бағалау туралы есеп.</p> <p>3. Оқиғаның орын алу фактісі мен мән-жайларын, оқиғаның орын алуы нәтижесінде келтірілген залалды, сондай-ақ бағалауға байланысты шығындарды растайтын құжаттарды жинау және ұсыну ауыртпалығы Сақтанушыға жүктеледі.</p> <p>4. Құзыретті органдардың құжаттары түпнұсқада немесе осы құжатты берген құзыретті органның жауапты тұлғасының мөрімен және қолымен куәландырылған көшірмелерде ұсынылуы тиіс.</p> <p>5. Мәлімделген сақтандыру жағдайы бойынша құжаттарды қабылдауды Сақтандырушы Сақтанушыға қабылданған құжаттар туралы анықтама беру арқылы жүзеге асырады.</p> <p>6. Егер Сақтандырушы қосымша сұратылған құжаттарсыз сақтандыру жағдайының бар не жоқ екені және сақтандырылған КҚ-ға келтірілген зиянның мөлшері туралы бірауыздан шешім шығара алмайтын болса, сақтандыру полисінде және Сақтандыру қағидаларында көрсетілген құжаттардың тізімі мен саны Сақтандырушының қалауы бойынша қысқартылуы мүмкін.</p>
<p>Сақтандыру төлемін төлеу тәртібі мен талаптары:</p>	<p>1. Сақтандырушы сақтандыру полисінде көзделген құжаттардың толық пакетін алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнінен кешіктірмей, сақтандыру төлемін жасау немесе сақтандыру төлемін жүзеге асырудан бас тарту туралы шешім қабылдайды.</p> <p>2. Сақтандыру полисінде көрсетілген құжаттарды түзету қажеттілігі/жеткіліксіздігі анықталған жағдайда сақтандыру төлемін жүзеге асыру үшін құжаттарды қарау мерзімі оларды түзету/ұсыну мерзіміне тоқтатылады, ол туралы Сақтандырушы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға/Пайда алушыға құжаттарды түзету қажеттілігі/олардың жеткіліксіздігі анықталған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде жазбаша хабарлайды. Көрсетілген мерзім Сақтандырушыға түзетілген құжаттарды ұсынған күннен бастап қалпына келтіріледі.</p> <p>3. Сақтандыру төлеміне Сақтандырушының өкілі (Сақтандырушының жұмыскері) және/немесе Дилерлік орталық тіркеген, сақтандыру жағдайы нәтижесінде зақымдалған КҚ-ның бүлінген бөлшектері мен шанағының бөлшектерін жөндеу және/немесе айырбастау үшін төленетін өтемақы кіреді, егер де Сақтандырушы зақымдар мен бүлінген бөлшектерді, сондай-ақ КҚ-ның жасырын ақауларын тіркемеген болса, Сақтанушы Сақтандырушының қатысуымен көлік құралын қайта қарауды ұйымдастыруға міндетті.</p> <p>4. <i>Сақтандыру полисі бойынша Сақтандырушы Пайда алушыға мына жағдайларда өтеуге құқылы:</i></p> <p>✓ КҚ-ны айдап кеткен (ұрлаған) жағдайда полисі мен Сақтандыру ережелерінің талаптарын ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшиза сомасын шегергендегі сақтандыру сомасы;</p> <p>✓ КҚ толық қираған жағдайда:</p> <ul style="list-style-type: none"> ➢ сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы сақтандыру сомасын, сондай-ақ сақтандыру полисінің шарттарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, Сақтандырушы ұсынған тәуелсіз сертификатталған бағалаушы анықтайтын сатылуға жарамды қосалқы бөлшектер мен КҚ-ның кәдеге жаратылатын қалдықтарының құны; ➢ Сақтанушы Сақтандырушыға сатуға жарамды қосалқы бөлшектер мен кәдеге жарату қалдықтарын берген жағдайда сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, сақтандыру полисінде көрсетілген франшизаны шегеріп тастағандағы сақтандыру сомасы. Мұндай жағдайда сақтандыру төлемі болмауы және/немесе бүлінуі сақтандыру жағдайына қатысы болмайтын, болмаған (ауыстырылған) бөлшектер мен агрегаттардың құнын шегере отырып, Сақтанушы мен Сақтандырушы арасында КҚ-ны қабылдау-талпыру актісі жасалғаннан кейін жүргізіледі. КҚ-ны Сақтандырушыға беру үшін оны жол қозғалысы қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі уәкілетті мемлекеттік органда және кеденде тіркеу есебінен шығару қажет. <p>✓ Сақтандыру полисінің талаптарын және Сақтандыру ережелерін ескере отырып, КҚ-ға ішінара зиян келтірілген жағдайда ақау актісі және Дилерлік орталықтың немесе ТҚКС-тың төлеуге арналған егжей-тегжейлі шот негізінде айқындалатын КҚ-ны қалпына келтіру құны.</p> <p>5. Сақтандырушының нұсқауларын орындау үшін шығын шығару қажет болса немесе шығарылған болса, Сақтанушыға КҚ құтқару, сақтандыру жағдайының орын алуынан келетін залалдың алдын алу немесе оны азайту мақсатында келген шығыстар.</p> <p>6. КҚ-ның толық қирауы (конструктивтік қирауы) КҚ жойылған кезде белгіленеді, бұл ретте тиісті сертификаты бар тәуелсіз сертификатталған бағалаушы жөндеудің орынсыздығын анықтаған болса, сондай-ақ залал мөлшері КҚ-ның нақты құнының 80 %-на тең немесе одан асқан жағдайда белгіленеді).</p> <p>7. Егер сақтандыру сомасы Сақтандыру полисі жасалған күндегі КҚ-ның нақты құнынан кем болса, онда Сақтандыру полисі жасалған күндегі КҚ-ның нақты құнына сақтандыру сомасының қатынасына пропорционал түрде сақтандыру төлемі төленеді. Егер сақтандыру сомасы Сақтандыру полисі жасалған күндегі КҚ-ның нақты құнынан артық болса, онда Сақтандыру полисі жасалған күндегі КҚ-ның нақты құнынан асатын бөлігіндегі сақтандыру жарамсыз деп танылады. Сақтандыру сомасының КҚ-ның нақты құнына сәйкес келмеу фактісін Сақтандырушы сақтандыру жағдайы орын алған кезде белгілеуі мүмкін.</p> <p>8. Кез келген сақтандыру жағдайы бойынша сақтандыру төлемі жасалғаннан кейін сақтандыру полисі мерзімінен бұрын тоқтатылған жағдайда сақтандыру сыйлықақысы қайтарылмайды.</p> <p>9. Сақтандыру кезеңі ішінде орын алған сақтандыру оқиғалары бойынша сақтандыру төлемі сомасының жиынтығы сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру сомасының шегіне жеткен жағдайда Сақтандырушы КҚ-ға қатысты келесі сақтандыру оқиғасы бойынша жауапкершіліктен толық босатылады.</p> <p>10. Ақау актісінде және Дилерлік орталықтың егжей-тегжейлі төлем шотында белгіленген нақты залал Сақтанушы/Сақтандырылушы алдын ала бағалаған залалдан 500 000 (бес жүз мың) теңгеден астам сомаға артып кетсе, Сақтандырушы сақтандыру төлемін 500 000 (бес жүз мың) теңгеден асырмай төлеуге құқылы болады. Бұл ретте залал сомасын қате алдын ала бағалау ауыртпалығы Сақтанушыға/Сақтандырылушыға жүктеледі.</p> <p>11. Сақтандыру жағдайы нәтижесінде келтірілген залалдарды Сақтанушыға сақтандыру жағдайына кінәлілер болып табылатын үшінші тұлғалар немесе қосарланған сақтандыру шарты жасалған басқа сақтандырушылар өтеген жағдайларда Сақтандырушы тек сақтандыру төлемінің сомасы мен Сақтанушының үшінші тұлғалардан алған өтемақы сомасы арасындағы айырманы өтейді. Бұл ретте Сақтандырушы үшінші тұлғалар өтеген (орны толтырылған) залалдардың сол бөлігіндегі сақтандыру төлемінің артық төленген сомасын Сақтанушының қайтаруын талап етуге құқылы.</p> <p>12. Айдап әкетілген/ұрланған КҚ үшін сақтандыру төлемі Қазақстан Республикасының ИМ органдарының алдын ала тергеу жұмыстары аяқталғаннан кейін айдап әкету/ұрлау фактісінен кейін 2 (екі) айдан ерте емес жүргізіледі. Сақтандырушы айдап әкету үшін сақтандыру төлемін жүргізгеннен кейін айдап әкетілген КҚ</p>

	<p>табылған жағдайда Сақтанушы алынған сақтандыру төлемін 30 жұмыс күні ішінде Сақтандырушыға қайтаруға міндетті. Сақтанушы КҚ-дан бас тартқан жағдайда ол оны Сақтандырушыға беруге міндетті, сондай-ақ оған құжатпен расталған меншік құқығын да береді.</p> <p>13. Амортизациялық тозу ескерілген немесе ескерілмеген сақтандыру төлемі туралы шешімді Сақтандырушының уәкілетті органы ішкі саясат шеңберінде қабылдап, әрбір нақты жағдайда көрсетіледі.</p>
<p>Сақтандырушыны сақтандыру төлемінен босату негіздері:</p>	<p>1. Сақтандыру жағдайы сақтандыру полисі бойынша мына жағдайларда өтеуге жатпайды және өтелмейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ КҚ тауарлық түрін жоғалту; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының және/немесе жолаушының сақтандыру жағдайы кезінде КҚ-да болған мүлкіне келтірілген залал; ✓ КҚ-ның табиғи тозуы және коррозиясы; ✓ сақтандыру жағдайының туындауына әкеп соқтырған пайдалану барысындағы механикалық/электрлік ақаулар және (немесе) бұзылулар; ✓ КҚ тентінің немесе жабынының жоғалуы немесе зақымдалуы; ✓ көлік құралы арнайы белгілермен (таңбалармен) белгіленген (құрылыс алаңдары, сел қауіпі бар аумақтар және т.б.) немесе қоршалған және (немесе) аумақтан тыс жерге кіруге немесе тұраққа қоюға тыйым салу туралы ескертуді бұзу нәтижесінде келтірілген залал, ескерілген тәуекелдер нәтижесінде зақымданған жағдайда; ✓ кез келген бұзылулар, техникалық ақаулар немесе зауыттық ақаулар салдарынан болған сақтандыру полисінде көрсетілген сақтандыру жағдайлары нәтижесінде КҚ-ға келтірілген залалдар; ✓ КҚ-ға өндіруші зауытта көзделмеген қосымша жабдықты орнату, өздігінен немесе Дилерлік орталық мамандарын тартпастан орнату нәтижесінде болған өрт салдарынан келтірілген залал; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының КҚ-ға келтірген залалдың құнын анықтауға жұмсалған шығыстары (бағалау туралы есеп және т.б.). <p>2. Егер сақтандыру жағдайы келесі жағдайлардың салдарынан орын алса, Сақтандырушы сақтандыру төлемін төлеуден босатылады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ ядролық жарылыс әсері, радиация (ион сәулесін шығару) немесе ядролық қару материалдарымен немесе радиоактивті қалдықтардан радиациялық зақым алу; ✓ әскери іс-қимылдар, лаңкестік актілер; ✓ азаматтық соғыс, кез келген түрдегі халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының техникалық жай-күйі мен жабдығы КҚ-ны пайдалануға тыйым салынатын ақаулар мен талаптар тізбесіне енгізілген техникалық ақауы бар КҚ-ны пайдаланған кезінде; ✓ жарамды жүргізуші куәлігі жоқ тұлғаның КҚ-ны жүргізуі; ✓ КҚ-ны алкогольдік, есірткілік немесе уытқұмарлық мас күйдегі тұлғаның басқаруы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының КҚ-да қауіпті заттар мен тасымалдауға тыйым салынған заттарды тасымалдауы; ✓ КҚ-да орналасқан мүліктің сақтандыру жағдайы кезінде немесе сақтандыру жағдайынан кейін бірден жоғалуы немесе ұрлануы; ✓ КҚ-ны ұрлаудан бөлек, стандартты аксессуарлардың ұрлануы (жоғалуы), атап айтқанда: дөңгелек қалпақтары, фирмалық белгілер, эмблемалар, эйнектазалағыштар, антенналар, қосымша орнатылған жарық жабдығы; ✓ КҚ-ның аспасы немесе шанақ бөліктері зақымданбаған жағдайларды қоспағанда, КҚ дискілері мен шиналарының зақымдануы; ✓ КҚ-ға орнатылған қосымша жабдықтың және керек-жарақтың ұрлануы (жоғалуы) немесе зақымдалуы, егер олар КҚ-ның нақты моделі үшін өндіруші зауыт белгілеген жинақтамасына кірмейтін немесе Дилерлік орталықта КҚ-ны сатып алу кезінде сатып алынып, орнатылмаған болса; ✓ КҚ-ны ішінде қалдырылған кілттермен (бірге немесе бөлек) және (немесе) сигнал жүйесін басқару пультімен және/немесе КҚ-ны мемлекеттік тіркеу туралы куәлікпен бірге ұрлау және айдап әкету; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының, Пайда алушының сақтандыру жағдайының басталуы үшін жауапты тұлғаға өзінің талап қою құқығынан бас тартуы, сондай-ақ Сақтандырушыға талап қою құқығының өтуі үшін қажетті құжаттарды Сақтандырушыға беруден бас тартуы. Егер сақтандыру төлемін сақтандыру жағдайына кінәлі тұлға немесе қосарланған сақтандыру шарты жасалған Сақтандырушы жүзеге асырған болса, Сақтандырушы оны толық немесе ішінара қайтаруды талап етуге құқылы; ✓ КҚ-ны жарыстарда, бас тігуде, спорттық іс-шараларда жаттығу, сынақ жүргізу, жалға беру, лизингке беру немесе жалға алу мақсатында пайдалану кезеңінде болған оқиғалар. <p>3. Сақтандырушының сақтандыру төлемдерін жүзеге асырудан бас тартуына Сақтанушының мына әрекеттері негіз бола алады:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру полисін жасау кезінде КҚ туралы, сақтандыру тәуекелі, сақтандыру жағдайы мен оның салдары туралы көрінеу жалған мәліметтерді беруі; ✓ Сақтанушының/ Сақтандырылушының сақтандыру жағдайынан келетін залалдарды азайту шараларын қасақана қолданбауы; ✓ Сақтанушының/ Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру жағдайының туындау мән-жайларын тергеуге және келтірілген залалдың мөлшерін анықтауға кедергі келтіруі; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының Сақтандырушыға сақтандыру тәуекелінің ұлғаюы туралы хабарламауы; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының сақтандыру полисінің қолданылу кезеңінде оның техникалық жай-күйін тексеру үшін КҚ-ны беру туралы Сақтандырушының талаптарын орындамауы, сондай-ақ олар толығымен жойылуы мүмкін болған жағдайларды қоспағанда, Сақтандырушыға бүлінген КҚ-ға (жөндеуге дейін және/немесе жөндеуден кейін) немесе оның қалдықтарына не болмаса зақымдалған бөліктеріне, бөлшектері мен керек-жарақтарына, қосымша жабдыққа немесе олардың қалдықтарына қол жеткізуді қамтамасыз етпеуі; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы сақтандыру оқиғасы болған жерден қашып кетсе; ✓ егер Сақтанушы/Сақтандырылушы/Пайда алушы сақтандыру полисінде көрсетілген жағдайлардан басқа, сақтандыру жағдайының себептерін, сипатын және оның нәтижесімен байланысын анықтау үшін қажетті құжаттар мен мәліметтерді ұсынбаса немесе көрінеу жалған дәлелдемелерді ұсынса; ✓ Сақтанушының/Сақтандырылушының залал келтіруге кінәлі тұлғадан залалдың тиісті өтемін алуы; ✓ Сақтанушы/Сақтандырылушы дәлелді себептермен көрсетілген әрекеттерді жасай алмаған және оны құжаттармен растаған жағдайларды қоспағанда, сақтандыру жағдайының басталғаны туралы Сақтандырушыны сақтандыру полисінде белгіленген мерзімде хабардар етпеуі;

	<ul style="list-style-type: none"> ✓ заңнамалық актілерде белгіленген тәртіппен сақтандыру жағдайымен себептік байланыста болатын Сақтанушының/Сақтандырылушының/Пайда алушының қасақана қылмыс немесе әкімшілік бұзушылықтар деп танылған іс-әрекеттері; ✓ осы Бағдарлама бойынша сақтандыру полисінің талаптарын бұзу. <p>4. Сақтандыру полисі мыналарды өтемейді:</p> <ul style="list-style-type: none"> ✓ сақтандыру жағдайынан туындауы мүмкін жанама және басқа шығыстар (пайдалану мүмкіндігінен айырылу, айыппұл, тұрақсыздық айыбы, жалға алынған көлік құралын пайдалану, жөндеу кезінде қонақүйде тұру, іссапар шығыстары, жіберіп алынған пайда, кірісті жоғалту, тұралап қалу, кепілдік мерзімінің аяқталуына байланысты материалдық шығындар, көлік құралының тауарлық түрін жоғалту сомасы); ✓ моральдық зиянның орнын толтыру туралы талаптар.
<p>Өзге сақтандыру талаптары:</p>	<ol style="list-style-type: none"> 1. Сақтанушының бастамасы бойынша Шартты мерзімінен бұрын бұзу Сақтанушының жазбаша өтініші болған жағдайда ғана жүзеге асырылады. 2. Сақтанушыға қайтарылуы тиіс сыйлықақының бөлігі Сақтандырушыға шартты бұзу туралы өтініш берген күннен бастап есептеледі. Сақтандыру сыйлықақысын қайтару Шартты бұзу себебін растайтын барлық қажетті құжаттарды бергеннен кейін 5 (бес) жұмыс күні ішінде жүргізіледі. 3. Шарт жасалғаннан кейін 14 күн ішінде Сақтанушы бастамасы бойынша бұзылатын жағдайда, Сақтандырушыға шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтініш берген күннен бастап сақтандыру сыйлықақысы сомасының 10 %-ын шегеріп, сақтандырудың мерзімі аяқталмаған сақтандыру сыйлықақысының бір бөлігін Сақтанушыға қайтарады. 4. Шарт жасалғаннан кейін 15 және одан көп күн ішінде Сақтанушы бастамасы бойынша бұзылатын болса, Сақтандырушыға Шартты мерзімінен бұрын бұзу туралы өтінішті берген күннен бастап, Сақтанушы Сақтандырушыға сақтандыру сыйлықақысының аяқталмаған сақтандыру мерзімі үшін сақтандыру сыйлықақысының сомасынан 50 % шегерілген бөлігін және сақтандырушы төмендегідей формула бойынша ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысын қайтарады: $ССБ = СС * n / N / 2$, мұндағы: ССБ - сақтандырушы ұстап қалатын сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); СС - сақтандыру шарты бойынша төленген сақтандыру сыйлықақысының өлшемі (теңгелей); n - сақтандыру шартының күшке енген күнінен бастап жүгінген күнді қоса алғанда мерзімінен бұрын тоқтатылған күнге дейінгі мерзім (күнмен); N - сақтандыру шартының жасалған мерзімі (күнмен) 5. Егер Сақтанушының бастамасы бойынша қарыз шарты бойынша Қарыз берушінің алдындағы міндеттемелерді Сақтанушының орындауы себебінен қарыз шартына байланысты шарт бұзылған жағдайда, Сақтандырушы алынған сақтандыру сыйлықақысын Сақтанушыға Шарт қолданылған уақытқа және Шартты бұзуға байланысты алынған сақтандыру сыйлықақысының 10% аспайтын шығындарға тең сақтандыру сыйлықақысының бөлігін шегере отырып қайтарады. 6. Егер Сақтандырушы Сақтанушыға Шарт бойынша қандай да бір сақтандыру төлемін жасаған болса немесе Шарт бойынша мәлімделген залал шығын, онда бұл жағдайда сақтандыру сыйлықақысы Сақтанушыға қайтарылмайды. 7. 6 айдан кейін Сақтандырушы сақтандыру тарифін 10%-ға жоғарылатып қайта қарауға құқылы. Егер шығын коэффициенті алынған таза сыйлықақылардың 70%-ынан асатын болса, Тараптар сақтандыру полисінің барлық шарттарын қайта қарауға келіседі.